

В случае изъятия наркотика синтетического происхождения следует подробно описать упаковочную тару (таблетки, ампулы) и при этом соблюдать осторожность, так как подозреваемые могут предпринять попытку уничтожить их путем раздавливания или проглатывания. Кроме того, в целях отыскания следов пальцев рук на внутренних частях упаковочного материала и на самих ампулах необходимо подключить эксперта-криминалиста, а в случае его отсутствия тщательно, соблюдая меры предосторожности, их изъять и упаковать в присутствии понятых (при этом понятые должны участвовать в процессе как изъятия, так и упаковки изымаемых наркотических средств и других предметов и вещей), а затем немедленно назначить дактилоскопическую и другие необходимые экспертизы.

Следует особое внимание обратить на то, что неправильное составление протокола обыска (производство его в отсутствие понятых, неконкретное указание места изъятия наркотика, отсутствие в описании характерных признаков упаковки и состояния наркотического средства и отсутствие подписей понятых на упаковке) влечет за собой утрату важных улик и, соответственно, прекращение уголовного дела, т.е. преступник остается безнаказанным.

Таким образом, проведение обыска по уголовным делам, связанных с наркотиками, — это комплексное в организационно-тактическом отношении следственное действие, состоящее из проведения поисковых мероприятий и последующего изъятия предметов, имеющих значение для расследования преступлений данной категории.

Список литературы

1. Зинин А.М. Криминалист в следственных действиях: Учебно-практ. пособие. — М.: Изд-во «Право и закон», 2004. — 142 с.
2. Гинзбург А.Я., Белкин А.Р. Криминалистическая тактика: Учебник. — Алматы, 1998. — 291 с.
3. Белкин Р.С. Курс криминалистики: Учеб. пособие для вузов. — М.: Закон и право, ЮНИТИ-ДАНА, 2001. — 345 с.
4. Жамбулов Д.Д. Вопросы использования специальных знаний при расследовании преступлений, связанных с незаконным оборотом наркотиков. — Алматы: ТОО «Баспа», 2001. — 272 с.
5. Аверьянова Т.В., Белкин Р.С., Корухов Ю.Г., Россинская Е.Р. Криминалистика: Учебник для вузов. — М.: НОРМА, 2004. — 360 с.

ӘОЖ 343.37

А.Ә.Баймаханов

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана

ЖАЛҒАН АҚША НЕМЕСЕ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ ЖАСАУ НЕМЕСЕ АЙНАЛЫМҒА ЕНГІЗУГЕ ҚАРСЫ ҚЫЛЫМСТЫҚ КҮРЕСТІ ЖЕТІЛДІРУ

Статья посвящена изготовлению или сбыту поддельных денег или ценных бумаг. Рассматривается совершенствование уголовно-правовой борьбы с изготовлением либо сбытом поддельных денег или ценных бумаг. Объектом исследования являются уголовно-правовые отношения в сфере экономической деятельности. Предмет исследования — нормы права, регулирующие уголовную ответственность за изготовление либо сбыт поддельных денег и ценных бумаг.

This topic posveschyana manufacture or sale of counterfeit money or securities. In this topic, consider improving the criminal law against the manufacture or sale of counterfeit money or securities. The object of investigation of criminal legal relations in the sphere of economic activity. Purpose of the study — the law governing the criminal liability for the manufacture or sale of counterfeit money and securities.

1991 жылы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң жарияланғаны белгілі. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында әлемдегі дағдарыс Қазақстан халқына алапат ауқымдылықтың салмақ-салдарын сезіндірді. Ел Президентінің «Еліміздің жаңа ғасырдағы тұрақтылығы мен қауіпсіздігі» туралы Қазақстан халқына жолдауында: «Ұлт пен мемлекеттің аман қалуының жалғыз жолы — экономиканы ашық ұстау — әлемдегі қуатты

экономикалық аймақтармен ықпалдаса араласып-құраласу. Айрықша жолды ойлап табуға тырысушылық экономикада ғана емес, саясатта да жарға жықпай қоймайды. Қазақстан әлемдік тенденцияға қарсы тұра алмақ емес. Ашық қоғамды демократиясыз құруға болмайды» [1] делінген.

Алайда жаңа қоғам құру оңай шаруа емес. Бұл процесс кейбір келеңсіз құбылыстармен ұштасып жатады. Соның бір көрсеткіші — елдегі соңғы жылдардағы әлеуметтік-саяси және экономикалық жағдайлардан құқық бұзушылықтардың көбеюі. Қылмыстардың тұрақты өсуі, тенденциясының қалыптасуы қоғамдағы табиғи-саяси жағдайларға келеңсіз әсер етеді, адамдар арасындағы келіспеушілікті ұлғайтып, халықтың болашығына деген сенімсіздігін арттырады.

Елімізде 1993 жылы ақша реформасын жүргізу барысында ұлт мақтанышы, тәуелсіз мемлекет рәмізі, мемлекет тәуелсіздігінің басты бір белгісі болатын өзінің алғаш ұлттық валютасы — тенгені шығарды. Қазақстан халқының басым көпшілігі нарық жағдайына жаңа үйреніп, оның заңдылықтарын енді игеріп жатуы жаңа қылмыстар түрлерін пайда болуына әкеп соқты. Оның нақты бір көрінісі — жалған ақша мен бағалы қағаздарды қолдан жасау, сақтау не оларды сату.

Тиындардың пайда болуы және олардың жалған түрлерінің пайда болуының аралығындағы уақыт көп емес. Ақша белгілер эволюциясы жалған ақшалармен бірге жүрді, бұған қоса жалған ақша жасаушылар өздеріне пайда табу мақсатында жалған ақша шығарудың жаңа жолдарын тез арада тауып отырды. Бірақ сол кездегі мемлекеттер жалған ақша жасаушыларға қатаң «сыйақыларын» берді. Ежелгі Грекияда ақша айналымына келтірілген шығын үшін, атақты Солон заңдарына сәйкес өлім жазасына кесілді. Б.э.д. 1792–1750 жж. билік еткен Вавилон патшасы Хаммурапи заңдары бойынша да жалған ақша жасаушылар өлім жазасына кесілді [2]. Жалған ақша жасаушылардың қудалауына байланысты шыққан б.э.д. IV ғ. Рим императоры Карнелийдың жалған тиындар туралы заңы — ежелгі мемлекеттік актілерінің бірі. Бұл Рим заңы жалған ақша жасаушыларға қатаң болған жоқ, алтын тиындарға басқа металдар қоспасын қосқан үшін тек ғана мемлекеттен қудаланды. Кейін император тиын шығаруға байланысты монополиясының күшейуіне байланысты, жалған ақша шығарғаны үшін рим құқығы бойынша мемлекеттік қылмысы деп танылып, өртеу немесе жабайы аңдарға талатқызу арқылы өлім жазасына кесілді [3; 29].

Аталған қылмыстың қауіптілігін барлық уақытта да көпшілік мойындап келген. «Хандықтардың, корольдіктердің, республиканың құлауына негізінен төрт түрлі жағдай әсер етеді: ол шапқыншылық, өлімнің болуы, егін-ауыл шаруашылығында жұтшылық және монеталардың құнсыздануы. Алғашқы үш жағдай басқа түскенде тәуекелге бел бууға болады, олар — жорамал. Ал монетаның құнсыздануын кейбіреулер республиканың құлауының негізі ретінде мойынадамайды, себебі ол мемлекетті бірден, зор екпінмен емес, жайлап, жасырын түрде мемлекетті құртады және жояды» [3; 33].

Бағалы қағаздарды қолдан жасау қор рыногының құралдарына айтарлықтай қауіп төндіріп отыр, бағалы қағаздар рыногының сенімділігін қамсыздандыру шараларын жүзеге асыру түрінің бірі ретінде осы құбылыспен күресу мәні жоғарылап келеді.

Қазақстан ұлттық банкі 2001 ж. 3 наурыздағы № 58 нұсқауында ақша белгілерінің түпнұсқалылығы мен төлем қабілеттілігін анықтау тәртібін баяндаған. Мәселен, 135 нұсқауда айтылғандай, жалған белгілері бар банкноталар мен тиындар қатарына заңсыз пайда табу мақсатында алғашқы түрі өзгертілген. Яғни банкноталарды көшіру, жапсырма, сурет, мәтін не санды қайта басу нәтижесінде өзгерістердің сыртқы түрі түпнұсқа банкноталардың сәйкес белгілерімен ұқсас келіп, осындай банкнота түпнұсқа ретінде танылатын болса, ол жалған ақша деп саналады [4].

Берілген мәселенің шешімін табу үшін, республикамыздың Жоғарғы Соты Пленумының нормативті нұсқауын шығару қажет болып көрінеді. Онда жалған ақша, тиындар мен бағалы қағаздарға қатысты нақты шектеулер бөлімін беру керек, сөйтіп РФ Жоғарғы Сотының Пленумы нұсқауына баламалы құқық қолдану тәжірибесін алдын ала тергеуде де, сот тергеуінде де қолдануға болады [5].

Осымен бір мезетте ҚҰБД билігінің нормативті-құқықтық актілерімен әр түрлі номиналды айналымдағы банкноталар мен тиындарды алмастыру мен айналымға енгізу, енгізу шарттары мен мерзімдері анықталады, ақша белгілері алмастырылады [6].

Мәселен, ҚҰБ 2000 ж. 20 шілдедегі № 300 «Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының айналымдағы ақша белгілерін алмастыру туралы нормативті нұсқауына сәйкес ұлттық валютаның ақша белгілерін қорғауға байланысты қосымша шараларды орындау мақсатында 2000 ж. 1 қыркүйегінен бастап 200 және 500 номиналды теңгелер айналымға енгізілген. 1993 және 1994 жж. 200 және 500 номиналды теңгелер айналымнан шығарылады, оларды алмастыру 2001 ж. 31 тамызға дейін жалғасады. 2001 ж. 1 қыркүйегінен бастап ҚР аумағында 1993 және 1994 жж. шығарылған 200

және 500 номиналды теңгелерді айналымда жүргізуге тыйым салынады. Осы мезеттен бастан ескі үлгідегі ақша белгілері ҚР аумағында кез-келген төлем түрі бойынша заңды төлем құралы болудан қалады. Екінші деңгейлі банктерге 1 жыл ішінде ескі үлгідегі ақша белгілерін қабылдап, сараптама арқылы түпнұсқалылығы дәлелденгеннен кейін, оны жаңа ақша белгілеріне ауыстырады.

Осы себептерге қарамастан, біздің ойымызша, аталған шаралар тиімді емес, ескі үлгідегі ақша белгілерін айналымға енгізу Қазақстан ішінде де, одан тыс жерлерде де жалғасып келеді. Сәйкесінше, заңды және жеке тұлғалар ескі үлгідегі банкноталарды айналымға енгізеді, яғни өздері білмей заңсыз әрекеттерге барады. Біздің пікірімізше, бұл енгізілетін және алынып тасталатын банкноталар мен тиындардың ұқсастығы, сол секілді ұлттық валютаның айналымдағы ақша белгілерінің ауыстырылуы туралы ҚР халқының білмеуімен байланысты. Мәселен, айналымға енгізіліп отырған 20 және 50 номиналды АҚШ долларларының купюра көркемдігінде бірқатар өзгерістер бар.

Мәселе айналымнан алынып тасталған ақша белгілері жалған ақша қылмысы құрамын құрамай, жинақ құндылығына ие болатындығында жатыр. Сонымен, бір мезетте 1993 және 1994 жж. жасалған ақша белгілерін қолдан жасау жағдайлары да кездесуі мүмкін, ҚР ҚК 206-б. қарастырылған мұндай тұлғалардың әрекеті толық негізді болып шығады.

Біз Астана қаласындағы 2 айырбас нүктесінің жұмысшыларына сұрау салдық. Сұрау барысында келесі мәлімет белгілі болды: айырбас нүктесінің қызметкерлері клиенттерден купюраны қабылдап, оның жалған екенін анықтағаннан кейін ақшаны қайтарып береді. Жалған ақша құралдары мен бағалы қағаздарды құқық қорғау органдарына өз еркімен тапсыру жағдайы анықталмады.

Осы себептерге сәйкес айырбас пункттерін жалған ақшаны кейін қайтарып бермей, әрбір жеке факт бойынша құқық қорғау органдарына хабарлап отыруға міндеттейтін нормативті-құқықтық актісін шығарған дұрыс деп есептейміз. Соңғылары өз кезегінде жалған ақша құралдары мен бағалы қағаздар анықталған жерге жедел жетулері керек. Осы секілді шаралар азаматтардың жалған ақша құралдарын қайталап пайдалануын алдын алып, пайда болуын анықтауға көмектеседі деп ойлаймыз.

Ақша құралдарын қолдан жасауға қарсы күрес бағытындағы халықаралық одақтастықтың дамытылуына ҚР 1929 ж. жалған ақша құралдарымен күрес жөніндегі Женева конвенциясы мен оның мәлімдемесіне қосылу үлкен үлес қосар еді. Әмбебап сипаттағы халықаралық келісім-шарт негізінде жүзеге асатын жалған ақша жасаумен күрес, біздің ойымызша, бірқатар артықшылықтарға ие.

Ол аталған әрекетке 1929 ж. Конвенцияға қатысушы мемлекеттердің әлдеқайда көп санын тартуға бағытталған. Тағы да ол осы салада жұмыс тәжірибесі мол халықаралық шетелдік арнайы қызметтермен тығыз қарым-қатынаста болуға мүмкіндік береді.

ҚР ҚК 206 б. баламалы РФ ҚК 186 б. қолдан ақша жасауды қарастырады. Сол секілді РФ Женева конвенциясына 1931 жылдан мүше және РФ Президентінің Қаулысына сәйкес Интерполмен бірлесе жұмыс жасайды [7].

ҚР 1929 ж. Женева Конвенциясына мүше болса, ең алдымен ҚР Қылмыспен күрестегі орны жоғарлайды, сол секілді жоғарыда баяндалған 12 конвенциясына болған талаптарын орындау бағытындағы Интерпол рөлі жоғарылайды.

ҚҰБ, ПМ және ҚР Экономикалық және жемқорлық қылмыстармен күрес агенттігі бірігіп нормативті-құқықтық акті жасамдап шығарған жөн, ол бойынша айырбас пункттері жалған ақша құралдарын азаматтарға кейін қайтарып бермей, әрбір жеке жағдай туралы құқық қорғау органдарына хабарлап отыруға міндетті болуы керек. Соңғылары өз кезегінде жалған ақша құралдары мен бағалы қағаздар анықталған жерге жедел жетулері қажет. Осы секілді шаралар азаматтардың жалған ақша құралдарын қайталап пайдалануын алдын алып, пайда болуын анықтауға көмектеседі деп ойлаймыз.

Толыққанды бақылау мақсатында ҚР Үкіметінің Жарлығы түріндегі нормативті-құқықтық акт жасау керек. Онда полиграфия мекемелерінің ашылу тәртібін реттейтін, олардың әрекеттерінің дұрыстығы, бақылаушы органдар құқықтары, сол секілді әлдебір заң бұзушылықтар жағдайында міндетті тұлғалардың жауапкершілігі де қарастырылуы керек.

Біздің ойымызша, жалған ақша жасаудың белең алу шарттары мен себептерінің бірі ақша купюраларын тануға байланысты көркемдік плакаттардың болмауы мен көптеген сауда орындарының купюра шынайылығын анықтайтын детекторлармен жабдықталмауы. Осыған байланысты сауда орындарына ақша құралдары шынайылығын тексеретін детекторларды орнатуға міндеттейтін нормативті-құқықтық актіні шығару дұрыс деп есептейміз.

Біздің ойымызша, жалған ақша жасаумен күресте негізгі назар прокуратураға аударылуы керек. Елдегі қылмыс жағдайы мен динамикасын есепке алып, прокуратура органдары өзге құқық

органдары, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдармен біріге отырып, нақты және бағытталған шараларды жасамдап, жүзеге асыруы тиіс.

Бұдан басқа прокуратура осы шаралардың жүзеге асырылуын басшылыққа алуы тиіс.

Прокурордың құқықтық өкілеттіліктері заңда прокурор бақылауының құралдары деп аталатын әрекеттер мен құқықтық актілер арқылы жүзеге асырылады.

Прокуратураның заң бұзушылықтар мен соған септесетін салдарларды жоюға бағытталған. Жалған ақшаны дайындау мен пайдалану жұмыстары бойынша құқықтық құралдарына мыналар жатады: жалған ақша белгілерін даярлау мен айналымға енгізуге септесетін себептер мен шарттарды жою ұсыныстарын беру; тергеу жүргізген тұлғалар мен тергеушілердің заңсыз және негізсіз қорытындыларын қабылдамау; соттың заңсыз және негізделмеген шешімдеріне қарсы шығу; бақылауды жүзеге асыру кезіндегі кейбір мәселелерге түсінік беру үшін жалған ақшаны дайындаумен айналымға енгізуге байланысты қылмыстық істе мамандарды тарту.

Тергеу мен алдын ала іс жүргізу органдарынан жалған ақша жасау мен айналымға енгізу фактілері туралы қылмыстық істер, тергеу мен алдын ала іс жүргізуге қатысты құжаттар, заттық деректер, материалдар, жасалған қылмыс туралы өзге де мәліметтерді тексеру үшін талап ету; мемлекеттік кінәлаушы ретінде жалған ақшаны жасаумен пайдалануға байланысты сот істеріне қатысу; шешім заңды күшіне енген кез келген істі соттан кейін қайтару; жалған ақша белгілерін дайындаумен айналымға енгізу істеріне байланысты ұсталған, тұтқындалған және айыпты тұлғаларды тергеу; жалған ақшаны жасау мен айналымға енгізу ісінде прокуратура органдары белгілі бір аймақтағы еңбек ұжымдарының жағдайы заңдылығы мен құқықтық қорғалуы тұрғысында жергілікті әкімшілік және атқарушы органдармен белсенді түрде әрекет етуі керек. Мәслихаттар мен әкімшіліктер өкілдері құқық қорғау органдары жұмыстарында болған кемшіліктер мен жетіспеушіліктер туралы прокурорға баяндап отыруы керек. Өз кезегінде мәслихат депутаттарының жиналысына келген прокурор жалған ақшаны жасау мен айналымға енгізудің алдын алуға байланысты жүргізілген жұмыс туралы есеп береді [8].

Жалған ақша белгілерін жасау мен айналымға енгізу жұмыстары бойынша прокуратура органдары жүргізіп жатқан жұмыстар қылмыстың осы түрінің алдын алуда ереше маңызға ие. Жалған ақшаны жасау мен айналымға енгізумен байланысты қылмыстық істерді алдын ала зерттеу барысында прокурор назары осы қылмыс түрінің дамуына септігін тигізетін себептер мен шарттарды анықтап табуға аударылуы керек.

Ақшаны қолдан жасауға түрткі болған себептер мен шарттарды барынша терең және жан-жақты зерттеу берілген дәрежедегі қылмыстық болуына алғы шарттар жасаған тұлғалардың жолын кесуге мүмкіндік береді. Жалған ақша жасау мен айналымға енгізуге түрткі болған себептер мен шарттарды анықтағаннан кейін прокурор осы себептер мен шарттардың алдын алу туралы сәйкес мемлекеттік орган, қоғамдық ұйым немесе жауапты тұлғаға тапсырма беруі керек. Жоғарыда аталған тұлғалар бұл тапсырманы орындауға міндетті. Жалған ақшаны жасау мен айналымға енгізу барысында қылмыстық әрекетін шарттары мен нәтижелерін толық зерттеу (жасау тәсілі жағдайы, айналымға енгізілу, орны мен уақыты) қылмыстық жағдайдың табиғатын, қоғамдық қауіп дәрежесін, қылмыстың осы түрін жасаған тұлғаларды анықтауға мүмкіндік береді.

Жалған ақшаны жасау мен пайдалануға қатысты қылмыстық істерді тергеу мен алдын ала зерттеу органдарының заң бойынша әрекет ету прокурорлық бақылаудың билік ету сипаты басым, нақтырақ айтқанда: прокурор қаулылары мен ұсыныстары, қылмыстық істерді ашу зерттеуге байланысты бақылау актілерінің орындалуы тергеу мен алдын ала зерттеу органдарының жауапты тұлғалары үшін міндетті саналады. Прокурор кез келген қылмыстық істің ашылуына араласып, тіпті тергеу әрекеттеріне қатысуға да құқылы болады. Жалған ақшаны жасау мен айналымға ендірумен күрестегі прокурорлық құралдардың ең көп таралған және тиімді түрі болып прокурорлар қаулысы саналады. Ол барлық мекемелер, ұжымдар, ұйымдар жауапты тұлғалар мен азаматтардың орындауына міндетті. Бақылаудың бұл түрін қолдану барысында прокурорлар:

- а) жалған ақшаны жасау мен айналымға енгізуге қатысы бар тұлғаларға қылмыстық іс ашады;
- б) жалған ақша белгілерін жасау мен айналымға енгізу саласындағы қылмыстардың максималды саңының ашылу үшін жедел іздеу шараларын ұйымдастыруға нұсқау береді;
- в) тұлғалардың қылмыстық жауапкершілік, өзге де құқық шектеу шараларына тартылуының заңдылығы мен негізділігін бақылайды;
- г) осы дәрежедегі қылмыстарды ашуда зерттеу және алдын ала тергеу органдарының заң тәртібіне бағынуын бақылайды [9].

Жалған ақшаны жасау мен айналымға енгізуге қатысты қылмыстық істерді зерттеуде біз кейбір кемшіліктер мен жетіспеушіліктерді аңғардық. Жекелей алғанда әрбір екінші іс тергеу мерзімдерінен тыс ашылған, бұл қылмыстық-процессуалды заңды қатаң бұзу болып табылады. Осыған байланысты, біздің ойымызша, тергеу мерзімдерін бұзу жағдайларының алдын алып, зерттеу мен тергеу заңдылығына деген прокурорлық бақылауды күшейту керек. Қажет жағдайда тәртіп жауапкершілігіне тартқан жөн.

Жалған ақша жасау мен айналымға енгізу істері бойынша прокурорлар жазбаша санкция беруге құқылы, яғни зерттеу органдарның қылмыстық ашуын мақұлдау («Прокуратура туралы» заңның 21-б.).

Жалған ақшаны жасау мен айналымға енгізуге қарсы күресте прокурорлық бақылауды күшейту мақсатында, біздің ойымызша, келесі әрекеттер жүзеге асырылуға тиіс:

- автор пікірі бойынша, жалған ақша белгілерін жасау мен айналымға енгізуге қарсы күресті одан әрі күшейте түсу үшін құқық қорғау органдары мен мемлекеттік мекемелердің әрекеттерін бақылау функцияларына ие прокуратура органдары жарты жылда бір рет ақша белгілерін қолдан жасау мәселесіне байланысты отырыстар өткізіп отыру керек. Сол жерде олардың алдын алуға байланысты нақты шараларды белгілеп, кейін оның орындалуын тексеріп отырған жөн;
- тергеушілері мен жедел әрекет етуші жұмысшылардың істері біліктілігін арттыру үшін оқу-әдістемелік семинарлар жүргізу керек. Онда прокурорлар тергеу мен жедел-ізвестіру жұмыстары барысында анықталған заң бұзушылықтары мен жетіспеушіліктердің алдын алу мақсатында баяндамалар оқиды;
- жалған ақша жасау мен белгілерінің жасау мен айналымға енгізуге қарсы күрес жұмысының жандануы үшін прокурор жетекшілік ететін жедел-ізвестіру топтарын құру қажет. Заңға сәйкес, ол толық көлемде тергеу жүргізіп, жедел-ізвестіру қатыса алады;
- тәжірибеде дәлелденгендей, прокурор басшылығымен зерттелген жалған ақша белгілерін жасау мен айналымға енгізу қылмыстары сапалы және жоғары біліктілікпен орындалады, сотта қарастырылғанда да ешқандай ескертулер жүргізілуі республикамыздағы жалған ақшаны жасау мен айналымға енгізуге қарсы күрестегі прокурор бақылауын көмектесуге септігін тигізеді.

Зерттеу барысында алынған негізгі ғылыми нәтижелер келесі қорытындыларды тұжырымдауға мүмкіндік береді:

1. Жалған ақша жасаудағы қылмыстық жауапкершіліктің ретроспективті сараптамасы көрсеткендей, ежелгі кездерден бастап бүгінге күнге дейін Қазақстан өз мемлекеттігін құру мен дамытудың әр түрлі кезеңдерінде ақша-несиелік жүйесінің қылмыстық-құқықтық қорғалуына жеткілікті назар аударады. Сарапталып отырған нормаға 1997 жылы өзгерістер енгізілді, онда заң шығарушы бірқатар нұсқауларды қайта қарап шығып, өлім жазасын алып тастады.
2. Жалған банкноталар немесе тиындар, бағалы қағаздар пайда табу мақсатында заңсыз шығару немесе сақтау сол секілді пайдалану астарында айналымдағы түпнұсқа ақша белгілері және бағалы қағаздармен айтарлықтай ұқсастығы бар ақшаны жалған жолмен шығару іштей заңсыз баю санасын шарттаған тұлға немесе тұлғалар тобының нақты келісілген, ілеспелі әрекеттері түсінілуі тиіс.
3. Жалған ақша жасау — бұл белгілі бір дәрежеде халықаралық сипаттамаға ие болатын қылмыстық әрекет түрі, біздің ойымызша, оның өзіне тән қылмыстық мәні де бар. Кез келген елде бұл қылмыспен күрес жүргізуде қалыптасып қалған халықаралық тәжірибе бойынша, осы секілді құқық бұзушылықтарды тану, алдын алу мен жою әдістері, сол секілді әр түрлі елдердің құқық қорғау органдарының халықаралық бақылауы жағдайында ғана тиімді болуы мүмкін. Сондықтан мұндай түрдегі қылмыстардың криминологиялық сипаттамаларын жасамдау кезінде оның құрамына құрылымдық элемент ретінде жалған ақша және бағалы қағаздарды даярлау мен пайдаланудың ұйымдасқан халықаралық сипаттамасы да енгізілуі тиіс.
4. Жалған ақша немесе бағалы қағаздарды жасау және сатудың сапалық сипаттамалары өзгерісін заманауи жағдайдағы қылмыстың көлемінің ұлғаюына байланысты ҚР ҚК 206-бабын жанадан шығару:

206-бап. «Жалған ақша немесе бағалы қағаздар жасау немесе сату»:

1. Қазақстан Республикасы ұлттық банкінің жалған банкноттары мен монеттерін, мемлекеттік бағалы қағаздарды немесе Қазақстан Республикасының валютасындағы басқа бағалы

қағаздарды не шетел валютасындағы бағалы қағаздарды сату мақсатында жасау немесе сақтау, сол сияқты сату – мүлік тәркілеуіне қоса 5-тен 8 жылға дейін бас бостандығынан айырумен жазаланады.

2. Сол әрекеттер үшін ірі мөлшерде жасалған не жалған ақша немесе бағалы қағаздар жасағаны немесе сатқаны үшін бұрын сотталған адам жасаған осындай әрекеттер – мүлік тәркілеуіне қоса 7-ден 15 жылға дейін бас бостандығынан айырумен жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген ұйымдасқан топ жасаған әрекеттер-мүлік тәркілеуіне қоса 10-нан 20 жылға дейін бас бостандығынан айырумен немесе өмірлік бас бостандығынан айырумен жазаланады».

Осыған қоса ҚР ҚК 206-бабын келесі мазмұнды ескертпемен толықтырған жөн:

1. Ірі көлемді деп жалған ақша немесе бағалы қағаздардың ҚҰБ бекіткен курс бойынша ұлттық немесе шетелдік валюта және бағалы қағаздардан мың есе артық және қылмыстың жасалу мезетінде ҚР Заңы бекіткен айлық есептік көрсеткішетін бес жүз есе артық сома танылады.
2. ҚР Ұлттық банкінің жалған банкноталары мен тиындарын, мемлекеттік бағалы қағаздар мен ҚР валютасындағы өзге де бағалы қағаздарды, шетелдік валютаны, шетелдік валютадағы бағалы қағаздардың заңсыз жасалған, сақталған нұсқаларын өз бетімен тапсырып, жалған ақша немесе бағалы қағаздар жасаумен байланысты қылмыстардың ашылуына көмек берген немесе алдын алған, қылмыс жасаған адамдарды ұстаған, қылмыстық жолмен меншіктелген мүлікті табуға көмектескен тұлға аталған бап бойынша қылмыстық жауапкершіліктен босатылады.
3. Жалған ақша белгілерін жасаумен күрестегі халықаралық одақтастық дамуына Қазақстан Республикасының жалған ақша белгілерін жасаумен күрес жөніндегі Женева Конвенциясына өтуі мен оның Протоколы үлкен үлес қоса алады. Әмбебап сипаттағы халықаралық келісім негізінде жүзеге асырылатын жалған ақша жасаумен күрес жөніндегі Одақтың, біздің ойымызша, керемет артықшылығы бар. Ол осы әрекетке мүмкін болғанша мемлекеттердің көп бөлігін жинақтауға бағытталған, бұдан басқа жалған ақша мен бағалы қағаздарды жасауға қарсы күресте айтарлықтай тәжірибе жинақтаған халықаралық шетелдік полицейлер, арнайы қызметтермен тығыз қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді.
4. Жалған ақша немесе бағалы қағаздарды меншіктеу, алып жүру, қайта жіберу секілді әрекеттерді қылмыс санап, сол секілді алдын ала келісім бойынша әрі ірі көлемде жалған ақша жасаған тұлғалар тобы да қылмыстық жауапкершілікке тартылады.
5. Зерттеліп отырған норманың блакнеттілігін есепке ала отырып, зерттеуші ҚР Жоғарғы Сотының 2004 ж. 18 маусымдағы «Экономикалық әрекет саласындағы қылмыстардың кейбір мәселелері туралы» нормативті нұсқауында меншіктеу, жалған ақша немесе бағалы қағаздарды алып жүру, қайта жіберуге анықтама беруді ұсынады.
6. Қылмыс заңының соттық және тергеу практикасы материалдарының сараптамасы зерттеушіге ҚР ҚК 206-б. зерттеу барысында кей жағдайда қылмыс субъектісін анықтауды қиындық туғызатындығын көрсетіп отыр. Бұл жағдайда тұлға тікелей жалған ақша немесе бағалы қағаздарды жасаумен айналыспайды, бірақ жағдайлардың тұстас келуіне байланысты меншігіне өтіп, оны білетін, сөйтсе де пайда табу мақсатында оны түпнұсқа ретінде қолданатын тұлға, біздің ойымызша, жалған ақша жасаудағы қылмыстық жауапкершілік болып табылады. Қылмыстық заңның дұрыс түсінілуі үшін ҚР Жоғарғы Сотының айтылған нормативті нұсқауына сәйкес түсініктеме беру ұсынылады.
7. Сот-тергеу практикасының анализі жалған ақша жасауды бекітуде жіберілген қателер туралы айтады. Ол жасау мен сақтау мақсатында іске асырылған әрекеттер мақсатын бекітпеу немесе дұрыс емес бекітумен, оның ішінде әсіресе жалған ақша немесе бағалы қағаздар жасау мақсатымен шартталған. Біздің ойымызша, осы жағдай ҚР Жоғарғы Сотының 2004 ж. 18 маусымдағы «Экономикалық әрекет саласындағы қылмыстардың кейбір мәселелері туралы» нормативті нұсқауында бекітілуге ие болуы керек.
8. Ұлттық банк ҚР ИМ мен АБЭиКП-мен бірге отырып, нормативті-құқықтық актіні шығару керек деп есептейді. Бұл актіні валютаны алмастыру пункттері, сауда ұйымдары орындауы тиіс. Оның мазмұны төмендегідей: азаматтарға жалған ақша купюраларын қайтарып бермеу және әрбір табылған факті бойынша құқық қорғау органдарына хабарлау керек, олар өз кезегінде жалған ақша немесе бағалы қағаздар табылған араға тез арада жетіп, алдын ала тексеру жүргізу керек. Аталған шаралар жалған ақша құралдарын пайдалану жағдайларының қайталанбауын және олардың пайда болу себептерін ескертеді деп сенеміз.

9. Жалған ақша немесе бағалы қағаздарды жасау мен сатуға болатын себептердің бірі түпнұсқалық және шетелдік валютаның түпнұсқалылығын анықтайтын детекторлар мен көрнекілік-кеңес беру плакаттарының сауда ұйымдарында болмауы екендігін есепке ала отырып, сауда нүктелерінде ақша құралдары түпнұсқалылығын анықтайтын детекторлар мен плакаттарын ілуге міндеттейтін ҚР Үкіметі деңгейінде нормативті-құқықтық акті шығарған дұрыс деп есептейміз.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Дөңгелек үстелдегі баяндама // Ел Президентінің «Еліміздің жаңа ғасырдағы тұрақтылығы мен қауіпсіздігі» туралы Қазақстан халқына жолдауына орай заңдарды жетілдірудің проблемалары тақырыбына арналған дөңгелек үстел материалдарынан. — Алматы, 2000. — 188-б.
2. Всемирная история государства и права: Учеб. / Под ред. В.В.Лазарева. — М.: Юристъ, 1996. — С. 145.
3. Польская Г.Н. Тайны Монетного двора. — СПб.: Питер, 2007. — 389 с.
4. Постановление Правления НБ Республики Казахстан «Об утверждении Правил ведения кассовых операций в банках второго уровня и организациях, осуществляющих отдельные виды банковских операций Республики Казахстан» от 3 марта 2001 г. //www.base.zakon.kz
5. Бюллетень ВС Российской Федерации. — 2001. — № 6. — С. 1.
6. Постановление Правления НБ Республики Казахстан № 300 «О замене находящихся в обращении денежных знаков национальной валюты Республики Казахстан» от 20 июля 2000 г. //www.base.zakon.kz
7. Уголовный кодекс РФ от 13 июня 1996 г. — Н 63. — ФЗ. — М.: Юрист, 2007. — С. 115.
8. Мухамадиева Г.Ж. Уголовная ответственность за изготовление или сбыт поддельных денег или ценных бумаг // Проблемы и пути развития уголовного законодательства Республики Казахстан. Науч.-практ. конф. молодых ученых и соискателей. — Караганда: КЮИ МВД РК им. Б.Бейсенова, 2001. — С. 99.
9. Мухамадиева Г.Ж. Предмет фальшивомонетничества // Актуальные проблемы права: Материалы науч. конф. — Караганда: КЮИ МВД РК им. Б.Бейсенова, 2002. — С. 36.

УДК: 347. 21

С.К.Идрышева

НИИ частного права, Казахский гуманитарно-юридический университет, Астана

СУБЪЕКТЫ ПУБЛИЧНОГО ДОГОВОРА

Мақалада азаматтық құқықтағы көршілік келісім-шарты тараптарының белгілері қарастырылған. Автор жүргізілген зерттеу нәтижесінде ҚР Азаматтық кодексінің 387-бабына орындаушының сипаттамаларын анықтау мақсатында нақты өзгерістер енгізуді ұсынып, сонымен қатар тұтынушының жағдайын да жақсартуға арналған шараларды келтірген.

In article the legal characteristic of subjects of the public contract in civil law is investigated. The author results substantiations of necessity of modification of article 387 of the Civil code of Republic Kazakhstan regarding definition of a bound party of the public contract, and also offers measures on strengthening of positions of weakness of the given contract.

Статья 387 Гражданского кодекса Республики Казахстан (далее — ГК РК) под публичным договором признает «договор, заключенный коммерческой организацией и устанавливающий ее обязанности по продаже товаров, выполнению работ или оказанию услуг, которые такая организация по характеру своей деятельности должна осуществлять в отношении каждого, кто к ней обратится (розничная торговля, перевозка транспортом общего пользования, услуги связи, энергоснабжение, медицинское, гостиничное обслуживание и т.п.).

Коммерческая организация не вправе оказывать предпочтение одному лицу перед другим в отношении заключения публичного договора, кроме случаев, предусмотренных законодательством».

Говоря о субъектном составе публичного договора, остановимся вначале на той его стороне, которая названа законодателем «коммерческая организация», на которой лежит бремя исполнения основной обязанности по договору. Например, энергоснабжающая организация, перевозчик, продавец в розничной торговле и т.д.